

Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 - 2019 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 526 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 574 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.10.2016 № 574 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 – 2019 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – **Бағдарлама**) **бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жылдың қорытындылары бойынша жылына бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 21 мамырдағы
№ 526 қаулысымен
бекітілген

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 – жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 1042 қаулыс мақұлданған Қазақстан Республикасының геология саласын дамытудың 2030 ж дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының 2014 жылғы 14 ақпандағы хаттамасының тармағы

Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Мақсаты	Өнеркәсіптің барлық салаларын белсенді дамыту үшін минералдық ресурстар ұтымды және кешенді пайдалану мен молайтуды қамтамасыз ету
Міндеттері	1. Болжамды ресурстарды бағалай отырып, Қазақстан аумағының зертте қ а м т а м а с ы з е 2. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша қорлардың 3. Геологиялық ақпараттардың деректер банкін және геоақпараттық жүйел қ а л ы п т а с т ы р у . 4. Мұнай және газ ұңғымаларын жою және консервациялау.
Іске асыру мерзімі	2015 – 2019 жылдар
Нысаналы индикаторлар	1. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің қорларын толықтыру пайызы (анықт қорлардың өтелген қорларға арақатынасы, артуы бойы 2. Деректер банкін цифрлық геологиялық ақпаратпен тол 3. Жойылатын және консервацияланатын мұнай және газ ұңғымаларының пайызы Бағдарламаны іске асыруға арналған қаржылық шығындар республикалық бю, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар есебінен қарастыры
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Республикалық бюджет есебінен қаржыландыру көлемі 2015 жылы — 9014 * млн. теңге 2016 жылы — 12640 * млн. теңге 2017 жылы — 30642 * млн. теңге 2018 жылы — 32888 * млн. теңге 2019 жылы — 34536 * млн. теңге Барлығы: 119 720 * млн. теңге * Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнама сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 – 2019 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 14 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 1042 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Бағдарламаны дайындаудың және іске асырудың қажеттілігі пайдалы қазбалардың, ең алдымен түсті металдар мен алтын қорларының толықтырылмауы бойынша орын алып отырған проблемаларға, геологиялық

зерттеулерді технологиялық жетілдірудің, геологиялық барлау процесін ғылыми камтамасыз етудің, саладағы инвестициялық жағдайды жақсартудың өзектілігіне негізделген.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Геология саласындағы ағымдағы жағдайды, сондай-ақ оның елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау

Пайдалы қазбаларға бай Қазақстан Республикасының жер қойнауы оның байлығы және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көздерінің бірі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан жер қойнауының минералдық ресурстарға байлығы және олардың алуан түрлілігі бойынша пайдалы қазбаларға бай елдер тобына кіреді. Оның минералдық-шикізат қоры отын-энергетикалық кешен (көмірсутек, көмір, уран), кара, түсті, асыл және сирек кездесетін металдар кен орындарынан қалыптасқан. Қазақстанның әлемдік қордағы үлесі уран бойынша дөңгелектегенде – 18 %-ды, хром – 10 %-ды, қорғасын – 9 %-ды, мырыш – 8 %-ды, күміс – 5 %-ды, марганец – 5 %-ды, мыс бойынша 5 %-ды құрайды.

Қазақстан энергетикалық шикізатты, кара, түсті, асыл металдарды ірі экспорттаушы болып табылады. Атап айтқанда, әлемде өндірілетін уранның 41 %-ы және хромның 16 %-ы Қазақстанның үлесіне тиесілі.

Бұл ретте қазіргі уақытта экспорттың едәуір үлесін құрайтын түсті және асыл металдардың белсенді қоры шектеулі және 12-15 жылда игеріліп бітуі мүмкін.

Қазақстан кендерінің сапасы негізгі әлемдік өндірушілерге қарағанда төмен.

Геология саласы жер қойнауын зерттеуді және Қазақстан экономикасының мұқтажы және геосаяси мүдделерін іске асыру үшін минералдық-шикізат қорын толықтыруды қамтамасыз етеді.

Әлемдік үрдіске сәйкес шикізаттық ресурстарды тұтыну көлемінің артуы оларды анықтау бойынша геологиялық зерттеулерді жүргізуді жандандырады. Жыл сайын өндіруді ұлғайту пайдалы қазбалар қорын толықтыру бойынша геологиялық-барлау жұмыстарының көлемін ұлғайтуды талап етеді.

Геология саласын дамыту Қазақстан Республикасының экономикалық дамуындағы негізге алынатын фактор болып табылады және елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына үлкен әсер етеді.

Айталық, осы Бағдарламаны іске асыру егжей-тегжейлі барлау жүргізу үшін ең перспективалы алаңдарды айқындауды көздейді, бұл ірі жеке компаниялардың инвестицияларын тартуға мүмкіндік береді.

«Қазгеология» акционерлік қоғамы «ILUKA», «RIO TINTO», «KORES», «ULMUS FUND» сияқты жетекші әлемдік компаниялармен технологиялар мен

инвестициялар трансферті шартында бірлескен кәсіпорын құруда.

Тартылатын инвестициялардың жалпы көлемі: 36 млн. АҚШ доллары.

Барлық компаниялар геологиялық барлаудың, деректер қорларын құрудың, зертханалық зерттеулердің, ресурстар мен қорларды есептеудің ең жаңа әдістері мен технологияларын қолданатын болады.

2. Сала үшін мықты және осал тұстарын, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау

Әлемдік тау-кен өндіру саласындағы қазіргі жағдай бұрынғыдай тұрақсыз, ал нарықтар конъюнктурасы белгісіз күйде сақталып отыр. Қысқа мерзімді перспективада шикізатқа сұраныстың төмендеуі және бағалардың тұрақсыздығы сақталады деп болжанады. Солай болса да, ұзақ мерзімді перспективада ресурстарға деген әлемдік сұраныс өсетін болады, ал келешектегі перспективада әлемде шикізаттық тауардың тапшылығы қауіпі сақталады.

Жеткіліксіз қаржыландыру, геологиялық-барлау процесіне ғылым мен практиканың заманауи жетістіктерінің енгізілмеуі, әлемдік өлшемдер бойынша қолайсыз инвестициялық орта жағдайында, геология саласы елдің минералдық-шикізат қорының толықтырылмауы бойынша ұлттық қауіпсіздік қауіпіне тап болды. Жыл сайын пайдалы қазбалар қорын толықтыру өзекті міндеттерге айналып барады, оның шешілуіне қиын ашылатын кен орындарын анықтай отырып, республиканың жер қойнауы әлеуетін толығырақ ашу негізінде қ о л ж е т к і з у г е б о л а д ы .

Бағдарлама отандық өндіруші өнеркәсіптің перспективалы мұқтаждығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ минералдық-шикізат өнімінің экспортына б а ғ ы т т а л у ы т и і с .

Объективті талдау үшін оның мықты және осал тұстарын, сондай-ақ бар мүмкіндіктері мен қауіптерді нақты анықтау қажет.

Жағымды факторлар	Жағымсыз факторлар
М ы қ т ы т ұ с т а р ы 1. Қорлардың өсімін қамтамасыз ету үшін пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің болжамды ресурстарының қомақты әлеуеті. 2. Жаңа пайдалы қазбалар кен орындарын ашу үшін қолайлы геологиялық жағдайлар. 3. Технологиялар трансферті және жолға қойылатын инфрақұрылым есебінен өңірлік геологиялық зерттеулерді қарқынды жүргізу. 4. Геология саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің едәуір өсу перспективасының болуы.	О с а л т ұ с т а р 1. Түсті және асыл металдардың төмен ресурстық қор 2. Жер үстіндегі жеңіл қолжетімді кен орындары қорының азак 3. Сапасы төмен барланған кен металдарын шығарудың тиімді технологияларының болмауы, бұл олардың игеруге тартылуы б а я у л а т а д ы . 4. Геология саласының дамыған инфрақұрылымының, оның ішін, мемлекеттік салалық ғылыми-зерттеу орталығының, жобалық инжинирингтік, аэрогеофизикалық, геохимиялық кәсіпорындарды кернді сақтау орындарының және т.б. бейінді ұйымдардың болмау 5. Жер қойнауы туралы деректер банкінің талдау модульдерінің геологиялық ақпаратпен жұмыс жүргізу үшін автоматтандырылған қолжетімділіктің жоқтығы, деректер қорын толтырудың төме д е н г е й і . 6. Білікті мамандардың айтарлықтай тапшылығы.
М ү м к і н д і к т е р і 1. Қазіргі заманғы тиімді технологиялардың	

негізінде геологиялық барлау жұмыстарын үдемелі жүргізу есебінен қорлардың өсімін ұлғайту. 2. Қолайлы инвестициялық жағдайлар жасау кезінде геологиялық барлауға инвестицияларды тарту (геологиялық ақпаратты құпиясыздандыру және еркін беру, жер қойнауын пайдалану құқығын беруді жеңілдету және т.б.).	Қ а у і п т е р 1. Бірқатар пайдалы қазбалар бойынша қорлардың толықтырылма, бұл негізінен қала тұзуші болып табылатын жекелеген өндіруі және өңдеуші өндірістердің жұмыс істеуіне қауіп төндіре 2. Геологиялық барлау және ғылыми-қолданбалы жұмыстарді жүргізу үшін белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттардың жоқтығ сала дамуының құлдырауына әкеледі.
--	---

3. Геология саласын дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері мен алғышарттары

Қазіргі уақытта геология саласында мынадай проблемалар бар: түсті металдар мен алтын қорларының үнемі толықтырылмауы, геологиялық барлау жұмыстарын ескі технологиялар негізінде жүргізу, заманауи зертханалар түріндегі саланың қажетті инфрақұрылымының, салалық-ғылыми зерттеу институтының, сервистік компаниялардың дамыған желісінің болмауы, жұмыстардың ғылыми әзірлемелермен өте төмен сүйемелденуі. Геологиялық барлау жұмыстарының заңнамалық және нормативтік-техникалық негізі инвестициялық жағдайды және жұмыстарды жүргізу жағдайларын жақсарту мақсатында жетілдіруді талап етеді.

Геология саласын дамытудың алғышарттары мынадай:

- 1) елдің экономикалық дамуының тұрақты бағыты;
- 2) пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің болжамды ресурстарымен қамтамасыз етілген минералдық-шикізат қорының зор әлеуеті;
- 3) әлемдік шикізат нарығының қолайлы конъюнктурасы;
- 4) Қазақстанның ұзақ мерзімді перспективадағы геосаяси және экономикалық мүдделері елдің минералдық-шикізат қорының жағдайына тәуелді болады.

4. Саланың инновациялық-талдамалық дамуын талдау

Геология саласын ғылыми-техникалық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету. Жер қойнауын геологиялық зерттеудің ғылымды көп қажетсінуі геологиялық барлауды ғылыми-технологиялық қамтамасыз етудің маңызды рөлін, ғылым мен өндірістің ажыратылмас байланысын, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері негізінде технологиялардың жаңартылуын айқындайды. Анықталған жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың қалыптасу және орналасу заңдылықтары туралы геологиялық барлау жұмыстары нәтижелерінің нақтылық дәрежесі мамандардың кәсіби деңгейіне және олар қолданатын озық ғылыми-техникалық әдістер мен технологияларға тікелей байланысты.

Қазақстанда геологиялық барлауды қолдаудың ғылыми-технологиялық деңгейі зерттеулер сапасы бойынша да, сондай-ақ олардың көлемі бойынша да өте төмен деңгейге дейін төмендеді. Геологиялық зерттеулер жұмыстарды жүргізудің жаңа техникасы мен технологияларына негізделмейді. Отандық

аппаратуралық-технологиялық кешендер мен құрал-жабдықтар іс жүзінде дайындалмайды және шығарылмайды. Елде бүгінгі күні мемлекетті жер қойнауының минералдық-шикізаттық әлеуетін жүйелі ғылыми-негізделген және нақты бағалаумен қамтамасыз етпейтін, әртүрлі ведомстволық тиесіліктегі бытыраңқы бірнеше ғылыми геологиялық мекемелер бар. Жер қойнауын геологиялық зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның салалық институты жоқ.

Осы проблемаларды шешу үшін жер қойнауын геологиялық зерттеу үшін инновациялық технологияларды енгізу көзделіп отыр (бірінші кезекте бұл жаңа технологиялар негізінде геофизикалық, геохимиялық зерттеулерді, Жерді қашықтықтан зондтауды енгізуге байланысты), Назарбаев университеті жанынан жер қойнауын геологиялық зерттеудің салалық ғылыми-технологиялық орталығын құру мәселесі пысықталуда, оның негізінде геология саласын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және мемлекеттік ұйымдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу іске асырылатын болады.

Жер қойнауының геологиялық құрылымы туралы ақпараттың тұрақты жаңартылуы, жаңа идеялар мен минерагендік тұжырымдамалардың пайда болуы, сондай-ақ экономикалық және геосаяси жағдайының өзгеруі жағдайларында геологиядағы ғылыми зерттеулер озық тәртіппен дамытылуы қажет. Олар тау-кен жыныстарының заттық құрылымын күрделі зертханалық-талдамалық зерттеулерді жүргізу мүмкіндігін, геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және қашықтық деректердің үлкен көлемін өңдеу және кешенді талдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет. Зерттеулердің тереңдігін арттыру, минералдық-шикізат секторын дамытудың мемлекеттік салалық бағдарламаларын әзірлеу бойынша негізделген ұсыныстар олардың нәтижелері болуы тиіс.

5. Саланың дамуын қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатын талдау

Геология саласы, бірыңғай құқықтық өрісте өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдарының, меншік нысандары әртүрлі өндірістік және ғылыми ұйымдардың жиынтығы ретінде, елдің жер қойнауын геологиялық зерттеуді және минералдық-шикізат қорын алдын ала толықтыруды қамтамасыз етуге тиіс. Пайдалы қазбалардың барланған қорының өсімі, жер қойнауын пайдаланудың қауіпсіздігі мен кешенділігі геология саласы тиімділігінің басты өлшемдерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта геология ғылымы мен тәжірибесі қолайсыз жағдайларды бастан кешуде: бұрын болған геология саласының инфрақұрылымы (өндірістік бірліктер, ғылыми бөлімшелер, зертханалық база) жоқ, пайдалы қазбалар қоры сарқылып барады, жаңа шаруашылық жүргізу жағдайларында бұрын елеусіз болған проблемалар

ашылды, ұрпақ ауысуы жүруде және моноқалаларды қолдау, сирек жерлер, көмір метаны және т.б. сияқты дәстүрлі емес салаларды дамыту бойынша жаңа міндеттер пайда болуда. Әйтсе де барлығы перспективаға арналып жасалуда және жоспарлануда, саланың проблемалары Мемлекет басшысы мен Үкіметтің тікелей бақылауында. Осының барлығы геологияның дамуының, оның қазіргі заманғы қолданбалы ғылымға, тиімді техника мен технологияға негізделген экономиканың қуатты саласына айналуының кепілі болып табылады.

Мемлекеттік реттеу саясаты жаңа пайдалы қазбалар кен орындарын ашу және есепке алынатын объектілер қорының өсімі арқылы минералдық-шикізат базасын нығайтуға, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануға бағытталған саланың тұрақты дамуын көздейді.

Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 99 қаулысымен бекітілген Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарт) жасасу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 1301 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеудің нормативтік құқықтық негізі болып табылады.

Геологиялық зерттеулердің барлық түрлері геологиялық барлау жұмыстарының барлық түрлері үшін әзірленген нұсқаулықтарға және нормативтік талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушылардың мүдделерін ескеру, олардың арасындағы өзара қатынастардың ашық үлгілерін құру негізінде осы саладағы мемлекеттік реттеу рәсімін жеңілдету жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнаманы жетілдірудің мақсаты болып табылады.

6. Қазақстанның жағдайларына бейімдеуге болатын, орын алып отырған проблемаларды шешу жөніндегі жағымды шетел тәжірибесіне шолу

Қазіргі уақытта минералдық-шикізат ресурстарын молайту жөніндегі проблемаларды шешудің өткірлігі мен қажеттілігін түсінудің ғаламдық сипаты бар. Бәсекеге қабілетті жаңа кен орындарын анықтау бойынша іс-шаралардың әмбебаптылығы елдердің географиялық орналасуына және олардың экономикалық даму деңгейіне байланыссыз жалпы іс-шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әлемдегі барлық ең дамыған елдерде минералдық ресурстарды молайту процесіне мемлекет қатысады.

Тікелей қайтарымы жоқ, өңірлік геологиялық зерттеулерді орындауға мемлекеттің қатысу қағидаты және пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу және барлау саласына жеке капиталды тарту негізге алынған. Жеке

компаниялардың қызығушылығы жер қойнауын пайдаланудың ұйымдық жүйесімен және тиісті салық саясатымен қамтамасыз етіледі. Геология саласы дамыған елдерде келтірілген жағдайлар озық техника мен технологияларды енгізуге компаниялардың қызығушылығымен, геологиялық ақпаратқа еркін қолжетімділікпен толықтырылады, бұл олардың геологиялық қызметтер нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Нарықтық жағдайлар мен қолайлы инвестициялық ахуал қолданбалы ғылымның дамуына, көптеген жас (шағын) компаниялардың және геологиялық барлау жұмыстарына арналған, қол қойылған лицензиялар мен келісімшарттардың едәуір көлемінің пайда болуына

ы қ п а л е т е д і .

Бағдарламада Қазақстан таяудағы уақытта әлемдік интеграциядағы ең ірі минералдық-шикізат мемлекеті болып қала беретіні және негізгі экспорттық тауарлардың қатарында минералдық ресурстар мен оларды қайта өндіру өнімдерінің сақталу факторы ескерілген.

Қазақстанның геология саласының жұмысы халықаралық тәжірибеге сәйкес технологиялар трансфертіне, геология саласының инфрақұрылымын дамытуға, геологиялық барлаудың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, саланы кадрлық қамтамасыз етуге және елдің шикізаттық, саяси және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін минералдық шикізаттың жаңа қорларын анықтауға бағытталады болады.

Әлемнің ең дамыған елдерінің бәрінде минералдық ресурстарды молайту процесіне мемлекет қатысады.

Мемлекеттік инвестициялардың, сондай-ақ меншікті капиталдың пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға қатысу қағидаты негізге алынған. Бұл жеңілдікті кредит беруді, геологиялық ақпаратты пайдалану үшін төлемдерді, келісімшарттардың, жұмыс бағдарламаларының орындалуын бақылауды, келісімшарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін айыппұлдарды пайдалана отырып, жазалаушы, сондай-ақ ынталандырушы сипатқа ие тиісті салық саясатымен қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте алынатын қаражат жаңа пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау бойынша геологиялық барлау жұмыстарына жұмсалуды мүмкін.

Геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру жүйесімен қатар, кен орындарын іздеудің және барлаудың қазіргі заманғы әдістерін кеңінен енгізу, геологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізу, геологиялық барлау техникасы мен құрал-жабдығының жаңа түрлерін әзірлеу және енгізу, геологиялық зерттеулердің іздестіру құрамдасын ерекшелендіру қажет екенін Ресей Федерациясының тәжірибесі көрсетті.

Бұл ретте Қазақстан таяудағы уақытта әлемдік шоғырланудағы ең ірі минералдық шикізат мемлекеті болып қала беретінін және минералдық ресурстар

мен оларды қайта өндіру өнімдері негізгі экспорттық тауар болып қала беретінін
е с к е р у қ а ж е т .

Қазақстанның геология саласының жұмысы халықаралық тәжірибеге сәйкес соңғы нәтижеге – елдің шикізаттық, саяси және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін минералдық-шикізаттың жаңа қорын анықтауға бағытталатын болады.

4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Өнеркәсіптің барлық салаларын белсенді дамыту үшін минералдық ресурстарды ұтымды және кешенді пайдалану мен молайтуды қамтамасыз ету осы Бағдарламаның мақсаты болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау ж о с п а р л а н у д а :

1) болжамды ресурстарды бағалай отырып, Қазақстан аумағының зерттелуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша қорлардың өсімі;

3) геологиялық ақпараттардың деректер банкін және геоақпараттық ж ү й е л е р д і қ а л ы п т а с т ы р у ;

4) мұнай және газ ұңғымаларын жою және консервациялау.

2. Нысаналы индикаторлар

Нысаналы индикаторлар (соңғы қол жеткізу мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті жыл (2013 жыл)	Есепті жыл (2014 жыл)	Жоспарлы кезең				
					2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Мақсаты: Өнеркәсіптің барлық салаларын белсенді дамыту үшін минералдық ресурстарды ұтымды және кешен пайдалану мен молайтуды қамтамасыз ету

Нысаналы индикатор: Пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің қорларын толықтыру пайызы (анықталған қорлардың өтелген қорларға арақатынасы, артуы бойынша) 2019 жылы – 60% а л т ы н мыс полиметалдар	ИЖТМ	%	0	50	0	50	52	55	60
--	------	---	---	----	---	----	----	----	----

1-міндет: Болжамдық ресурстарды бағалай отырып, Қазақстан аумағының зерттелуін қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері:

Болжамды ресурстар көлемі:

- алтын	ИЖТМ	тонна	0	100,4	0	102,0	105,0	110,0	115,0
- мыс		млн. тонна	0	1,0	0	1,0	1,3	1,5	1,7
- полиметалдар		млн. тонна	0	5,2	0	3,3	3,5	3,7	4,0

2-міндет: Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша қорлардың өсімі

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері:

Қорлардың өсімі:	ИЖТМ								
- алтын		тонна	0	15,0	0	15,5	17	20	25
- мыс		мың тонна	0	110,0	0	110	115	120	125
- полиметалдар		мың тонна	0	120,0	0	120	125	130	135

3-міндет: Геологиялық ақпараттың деректер банкі және геоақпараттық жүйелерді қалыптастыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері:

Геологиялық есептерге мәтіндік және графикалық қосымшаларды цифрлау	ИЖТМ	%	32	36	40	44	48	50	52
---	------	---	----	----	----	----	----	----	----

4-міндет: Мұнай және газ ұңғымаларын жою және консервациялау

Нысаналы индикатор: Жойылатын және консервацияланатын мұнай және газ ұңғымаларының пайызы (барлық есепке алынған 126 ұңғыма)	ИЖТМ	%	0	0	8	16	24	32	20
---	------	---	---	---	---	----	----	----	----

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері:

Авариялық ұңғымаларды жою	ИЖТМ	Іс-шара	0	0	10	20	30	40	26
---------------------------	------	---------	---	---	----	----	----	----	----

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.

3. Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны 2015 – 2019 жылдар аралығындағы кезеңде іске асыру жоспарланған және Қазақстан Республикасының геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген, заңнамаға өзгерістер енгізбей жүзеге асырылатын келтірілген іс-шаралар негізінде жүзеге асырылатын б о л а д ы .

1. Өңірлік, іздеу, іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстарын орындау

1:200000 масштабындағы алаңдарды геологиялық жете зерттеу

1:200000 масштабында геологиялық жете зерттеу (бұдан әрі – ГЖЗ-200) қазіргі заманғы картографиялық геологиялық негізді құру, пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын бағалау, пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға

перспективалы алаңдарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес ГЖЗ-200 бойынша жұмыстар жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 27 объектіде ГЖЗ-200 жұмыстары жоспарланған, олардың ішінде 2014 жылы Қазақстанның Орталық және Шығыс өңірлеріндегі 6 объектіде жұмыстарды бастау көзделіп отыр. Осы жұмыстарды 2015 жылы жалғастыру және оларды 2016 жылы аяқтау жоспарлануда.

Тұтастай алғанда, Бағдарлама шеңберіндегі ГЖЗ-200 бойынша жұмыстар Шыңғыс-Тарбағатай металлогендік аймағының шегінде, Жезқазған тау-кенді аймағында, Шығыс, Орталық және Солтүстік Қазақстан аймақтарында, оңтүстікте Үлкен Қаратау жотасы шегінде жүргізілетін болады.

Жұмыстар 3 жылдық болып табылады, алдын ала жобалау-сметалық құжаттамасы жасалады және бағдарламаның барлық кезеңіне жоспарлануда. Жұмыстар жыл сайын орнын ауыстыру қағидаты бойынша басталады. Жыл сайын пайдалы қазбалардың болжамды қорларын бағалай отырып, аяқталған объектілер бойынша нәтижелер күтіледі.

1:200000 масштабында геологиялық-минерагендік карталау

1:200000 масштабында геологиялық-минерагендік карталау (бұдан әрі – ГМК-200) жоғары санаттағы болжамды ресурстары бар кенді объектілерді – әлеуетті пайдалы қазбалар кен орындарын анықтау мақсатында кенді аймақтар шегінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес ГМК-200 бойынша жұмыстар жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 11 объектіде ГМК-200 бойынша жұмыстар жоспарланған, олардың ішінде 2014 жылы Қазақстанның шығыс өңіріндегі 1 объектіде (Батыс Тарбағатай алаңы шегінде, 2013 жылы оның жобалау-сметалық құжаттамасы жасалды және бекітілді) жұмыстарды бастау көзделуде. Осы жұмыстарды 2015 жылы жалғастыру және оларды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Бағдарламаның шеңберінде жоспарланатын ГМК-200 жұмыстары Орталық Қазақстанның Жалайыр-Найман минерагендік аймағы шегінде (2014 жылы Жалайыр-Найман минерагендік аймағы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы жасау, 2015 жылдан бастап жұмыстарды жүргізу жоспарлануда), Солтүстік Қазақстанның Көкшетау-Шат минерагендік аймағы, Қазақстанның солтүстік-шығысындағы Ақсу-Байлысты минерагендік аймағы және

Қазақстанның оңтүстігіндегі Ірісу-Бадам өңірі, республиканың шығысындағы Кенді Алтай шегінде жүргізілетін болады.

Жұмыстар 3 жылдық болып табылады, алдын ала жобалау-сметалық құжаттамасы жасалады және бағдарламаның барлық кезеңіне жоспарлануда. Жұмыстар жыл сайын орнын ауыстыру қағидаты бойынша басталады. Жыл сайын пайдалы қазбалардың болжамды қорларын бағалай отырып, аяқталған объектілер бойынша нәтижелер күтіледі.

1:200000 масштабында терең геологиялық карталау

1:200000 масштабында терең геологиялық карталау (бұдан әрі – ТГК-200), ГЖЗ-200 сияқты қазіргі заманғы картографиялық геологиялық негізді құру, пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын бағалау, пайдалы қазбалар кен орындарын анықтауға перспективалы алаңдарды анықтау мақсатында жүргізіледі. ГЖЗ-200-ге қарағанда, ТГК-200 жұмыстарымен борпылдақ шөгінділер жамылған аймақтарда (300 м-ге дейін) көрсетілген міндеттер ш е ш і л е д і .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес ТГК -200 бойынша жұмыстар жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 3 объектіде ТГК-200 бойынша жұмыстарды жүргізу жоспарланған, олардың ішінде 2014 жылы Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі 1 объектіде жұмыстарды бастау көзделуде. Осы жұмыстарды 2015 жылы жалғастыру және оларды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Бағдарламаның шеңберінде жоспарланатын ТГК-200 бойынша жұмыстарды Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау, Шу-Хантау, Шу-Қызылту алаңдарының солтүстік-шығыстағы тұйықталу шегінде, Орталық Қазақстандағы Жезқазған және Жаман-Айбат мыс кен орындары аймағындағы мыс шығатын сұр түсті құмтас алаңында, Солтүстік-Батыс Қазақстандағы Жоғарғы Орск, Құндызды және Берчогур алаңдарында жүргізу көзделіп отыр.

Жұмыстар 3 жылдық болып табылады, алдын ала жобалау-сметалық құжаттамасы жасалады және бағдарламаның барлық кезеңіне жоспарлануда. Жұмыстар жыл сайын орнын ауыстыру қағидаты бойынша басталады. Жыл сайын пайдалы қазбалардың болжамды қорларын бағалай отырып, аяқталған объектілер бойынша нәтижелер күтіледі.

Гидрогеологиялық жете зерттеу және 1:200000 масштабындағы инженерлік-геологиялық зерттеулер

Өңірлік гидрогеологиялық жұмыстарға мынадай түрлер жатады: гидрогеологиялық түсіру, инженерлік-геологиялық зерттеулермен қоса гидрогеологиялық жете зерттеу, сондай-ақ кешенді геологиялық,

гидрогеологиялық және масштабтардағы инженерлік-геологиялық түсіру, 1:200000 масштабындағы гидрогеологиялық және геологиялық-экологиялық түсіру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес гидрогеологиялық жете зерттеу және 1:200000 масштабындағы инженерлік-геологиялық зерттеулер бойынша жұмыстар жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 25 объектіде жұмыстарды жүргізу жоспарланған, олардың ішінде 2014 жылы Қазақстанның барлық өңірлеріндегі 10 объектіде жұмыстар басталды. Осы жұмыстарды 2015 жылы жалғастыру және оларды 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Зерттеудің жалпы ауданы 49,442 мың км² құрайды.

Бағдарлама шеңберінде 1:200000 масштабындағы инженерлік-геологиялық зерттеулермен қоса, гидрогеологиялық жете зерттеуді тұщы жерасты су тапшылығы және интенсивті техногендік жүктемесі бар аймақтарда, сондай-ақ Шығыс және Батыс Қазақстандағы Ресеймен шекараға жақын аумақтарда жүргізу көзделіп отыр.

Жұмыстардың нәтижесінде іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу үшін жаңа перспективалы учаскелер анықталады, жерасты суларының болжамдық ресурстары бағаланады, ластанған жерасты сулары учаскелері және қауіпті геологиялық процестер көріністері бар учаскелер анықталады.

Жұмыстар 3 жылдық болып табылады, алдын ала жобалау-сметалық құжаттамасы жасалады және бағдарламаның барлық кезеңіне жоспарлануда. Жұмыстар жыл сайын орнын ауыстыру қағидаты бойынша басталады. Жыл сайын пайдалы қазбалардың болжамды қорларын бағалай отырып, аяқталған объектілер бойынша нәтижелер күтіледі.

Жер қойнауының терең құрылымын зерттеу бойынша геофизикалық зерттеулер жүргізу

2014 жылы Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі көлемі 710 қума километр көлеміндегі Сырдария шөгінді бассейнінің өңірлік бейіндері (геотраверстер) бойынша геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешенін жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманы жасау көзделіп отыр. Жұмыстарды 2015 жылы жүргізу жоспарлануда.

2015 – 2019 жылдары Қазақстанның жер қойнауын өңірлік зерттеу шеңберінде Бағдарламада шөгінді бассейндерді жалпы ұзақтығы 4720 қума км, зерттеу тереңдігі 15-20 мың км өңірлік бейіндер (геотраверстер) бойынша өңірлік кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеулерді жүргізу көзделеді. Заманауи технологиялар негізінде жер қыртысының терең құрылымы туралы кешенді

геофизикалық деректерді алу, шөгінді тыстың жалпы қуатын айқындау, жер қыртысының іргетасы мен тереңірек қабаттарының құрылымын және заттық құрамын зерттеу, жарылымдарды трассалау, тектоникалық элементтер шегін нақтылау және тектоникалық аудандастыру геотраверстер бойынша зерттеудің негізгі міндеттері болып табылады.

2015 жылы көлемі 710 кума км көлемінде Сырдария шөгінді бассейнінің өңірлік бейіндері (2 геотраверс) бойынша геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешенін орындау жоспарланып отыр.

2016 жылы көлемі 950 кума км көлемінде Солтүстік Торғай және Солтүстік Қазақстан шөгінді бассейндерінің өңірлік бейіндері (2 геотраверс) бойынша геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешенін орындау жоспарланып отыр.

2017 жылы көлемі 1320 кума км көлемінде Солтүстік Торғай, Оңтүстік Торғай және Сырдария шөгінді бассейндерінің өңірлік бейіндері (1 геотраверс) бойынша геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешенін орындау жоспарланып отыр.

2018 жылы көлемі 510 кума км көлемінде оңтүстік Торғай және Сырдария шөгінді бассейнінің өңірлік бейіні (1 геотраверс) бойынша геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешенін орындау жоспарланып отыр.

2019 жылы көлемі 570 кума км көлемінде Шу-Сарысу шөгінді бассейнінің өңірлік бейіні (1 геотраверс) бойынша және көлемі 660 кума км көлемінде Ертіс маңы шөгінді бассейнінің өңірлік бейіні (2 геотраверс) бойынша геологиялық-геофизикалық зерттеулер кешенін орындау жоспарланып отыр.

Зерттеулер геофизикалық әдістер кешенімен орындалатын болады: сейсмикалық, аэрогеофизикалық және космогеологиялық әдістер тіреу-параметрлік ұңғымаларды бұрғылаумен бірге. Бұрын ашылмаған, терең орналасқан кешендердің жыныстық құрамын зерттеу, сейсмикалық көрінетін горизонттарды стратификациялау, үлкен тереңдіктегі коллекторлық сипаттарды, геохимиялық ерекшеліктерді зерттеу мақсатында параметрлік ұңғымаларды бұрғылау жоспарлануда. 2015 – 2019 жылдары Бағдарламаның шеңберінде Сырдария шөгінді бассейнінде тереңдігі 5000 метрге дейінгі параметрлік ұңғыманы бұрғылау көзделуде.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жаһандық тектоника тұрғысынан Қазақстанның шөгінді бассейндері құрылымының көп факторлы модельдері құрылатын болады, ол кен орындарының қалыптасу және орналасу заңдылықтарын айқындауға және өңірлік болжамның сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдалы қазбалар кен орындарын болжамдаудың жоғары технологиялық әдістер кешенін жүргізу

Кенді минералдануды болжамдау үшін өңірлік геологиялық зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу мақсатында жылжымалы нысандар әдісімен геохимиялық карталау әдісін, гравитарлау, аэромагниттік және аэрогаммаспектрометрлік түсірулер құрамында аэрогеофизикалық әдістерді қолдану, сондай-ақ Жерді қашықтықтан зондтауды кеңінен пайдалану жоспарлануда. Бұл әдістер озық зерттеу әдістері түрінде, сондай-ақ дербес іздеу әдістері ретінде де қолданылатын болады.

Жылжымалы нысандар әдісімен геохимиялық сынамалауды және талдауды жүргізу белгілі желі бойынша топырақтан сынамаларды және жергілікті жыныстарды іріктеп алуға және дәлдігі жоғары зертханалық талдауға негізделген. Әдіс тікелей әлеуетті перспективалы алаңдарды (учаскелерді) анықтауға және бағалауға және ашылуы төмен жаңа кенді объектілерді анықтауға бағытталған. Нәтижелері бойынша толығырақ болжамды-іздеу жұмыстарын жүргізуге арналған ұсынымдар дайындалатын болады.

Қолда бар қор материалдарын талдау негізінде зерттелетін аумақ бойынша цифрлық геофизикалық деректер ауқымын дайындау, сондай-ақ дала жұмыстарын орындау, олардың негізінде терең құрылымды зерттеу және шөгінді түзілімдер қабатында, сондай-ақ кристалдық негіз жыныстарында кенді және мүмкін, мұнай-газды геологиялық құрылымдардың орналасуының болжамдық-іздеу геофизикалық критерийлерін айқындай отырып, көлемді физикалық-геологиялық модельдері жасау геофизикалық әдістер кешенінің (гравитарлау, аэромагниттік және аэрогаммаспектрометрлік түсірулер) нысаналы тапсырмасы болып табылады.

Жерді қашықтықтан зондтаудың ең озық түрлерін пайдалану әлеуетті кенді аудандар және кенді алаңдар дәрежесінде болжамды алаңдарды бөліп шығаруға бағытталған. Жұмыстардың нәтижесінде іздеу жұмыстарын жүргізу үшін болжамды алаңдарды бөлу мақсатында ақпараттық минералдық қауымдастықтардың (шамамен 10 минералдық түрі) таралу картасы дайындалатын болады.

Қатты пайдалы қазбаларға арналған ірі масштабты алаңдық іздеу жұмыстары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес қатты пайдалы қазбаларға арналған ірі масштабты алаңдық іздеу жұмыстары жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 3 объектіде жұмыстарды жүргізу жоспарланған, оларды 2014 жылы аяқтау күтілуде.

Қазіргі уақытта өңірлік геологиялық зерттеулерді жүргізу нәтижесінде пайдалы қазбалардың алуан түрлерінің - қара, түсті және асыл металдар кен

орындарын, бағаланған болжамды ресурстардың едәуір көлемді мөлшерімен кенді емес шикізатты анықтауға әлеуетті перспективалы көптеген алаңдар анықталды. Шикізат әлеуетін одан әрі іске асыру мақсатында, іздеу-барлау және барлау жұмыстарын жүргізу үшін перспективалы алаңдарда кенді объектілерді айқындау үшін алаңдық іздеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Іздеу алаңдары Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде орналасқан және іздеу жұмыстары кенді объектілердің әлеуетті өнеркәсіптік құндылығы айқындалып, одан әрі іздеу-бағалау және барлау жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар беріле
о т ы р ы п а я қ т а л а д ы .

Жұмыстар 3 жылдық болып табылады, алдын ала жобалау-сметалық құжаттамасы жасалады және бағдарламаның барлық кезеңіне жоспарлануда. Жұмыстар жыл сайын орнын ауыстыру қағидаты бойынша басталады. Жыл сайын пайдалы қазбалардың болжамды қорларын бағалай отырып, аяқталған объектілер бойынша нәтижелер күтіледі.

Қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу-бағалау жұмыстары

Іздеу-бағалау жұмыстары, әдетте, кем дегенде екі кендік қима болған жағдайда, іздеу жұмыстарының нәтижелері бойынша жоспарланады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу-бағалау жұмыстары жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде 30 объектіде қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу жоспарланған, олардың ішінде 2014 жылы Қазақстанның шығыс өңіріндегі 1 объектіде жұмыстарды бастау көзделуде. Осы жұмыстарды 2015 жылы жалғастыру және оларды 2016
ж ы л ы а я қ т а у ж о с п а р л а н у д а .

Бағдарлама шеңберінде жоспарланатын іздеу алаңдары Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде орналасқан және жұмыстар кенді объектілердің әлеуетті өнеркәсіптік құндылығы айқындалып, одан әрі іздеу-бағалау және барлау жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар беріле отырып аяқталады.

Жұмыстар 3 жылдық болып табылады, алдын ала жобалау-сметалық құжаттамасы жасалады және бағдарламаның барлық кезеңіне жоспарлануда. Жұмыстар жыл сайын орнын ауыстыру қағидаты бойынша басталады. Жыл сайын пайдалы қазбалардың болжамды қорларын бағалай отырып, аяқталған объектілер бойынша нәтижелер күтіледі.

Көмірсутек шикізатына арналған іздеу-бағалау жұмыстары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес

көмірсутек шикізатына арналған іздеу-бағалау жұмыстары жүргізілді.

2010 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстанның батыс өңіріндегі Захатсор учаскесінде көмірсутек шикізатына арналған іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Осы жұмыстарды 2014 жылы аяқтау жоспарлануда.

Мұнай және газ шикізат базасын кеңейту және мұнай-газ өндіруші кешен кәсіпорындарын олармен қамтамасыз ету мақсатында Бағдарлама шеңберіндегі көмірсутек шикізатына арналған іздеу-бағалау жұмыстарын Қазақстан Республикасының негізгі перспективалы мұнай-газ аймағы болып табылатын Каспий маңындағы ойпат шегінде жүргізу көзделіп отыр.

2017 жылы жобалау-сметалық құжаттаманы жасау және Каспий маңындағы ойпаттың орталық бөлігіндегі Сауырбай учаскесі шегінде сейсмикалық жұмыстарды бастау көзделуде.

2018 жылы Каспий маңындағы ойпаттың орталық бөлігіндегі Сауырбай учаскесі шегінде 2017 жылы басталған сейсмикалық жұмыстарды аяқтау көзделуде.

2019 жылы Каспий маңындағы ойпаттың орталық бөлігіндегі Сауырбай учаскесі шегінде ұңғымаларды бұрғылау жоспарлануда.
Дәстүрлі емес газ (көмірлі метан) бойынша геологиялық-барлау және тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстар

Қазақстан Республикасында көмір кен орындарындағы метанның алдын ала ресурстары 1 триллион текше метрден аса, ал Қарағанды көмір бассейнінің ресурстары шамамен 650 миллиард болып бағаланады. Көмір қабатынан алынған метан жоғары сапалы газ болып табылады, өйткені түгелдей қоспасыз болғандықтан, оны алдын ала өңдеусіз пайдалануға болады.

Қарағанды көмір бассейнінің ең перспективалы учаскелеріндегі көмір қабаттарындағы метан қорын есептей отырып, кезең-кезеңімен геологиялық зерттеу жүргізу жоспарлануда.

Осы жұмыстарды өткізгеннен кейін, нақты расталған метан қорының көлеміне сүйене отырып, Қарағанды бассейнінде тұрақты газ өңдеу инфрақұрылымын қалыптастыруға зор сеніммен кірісуге болады.

2015 жылы Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метанды зерттеу бойынша жұмыстарды бастау көзделеді. Жасалған жобалау-сметалық құжаттаманың қорытындылары бойынша одан арғы жұмыстардың жоспарлары құрылатын болады.

2. Мұнай және газ ұңғымаларын жою және консервациялау

Мұнай және газ ұңғымалары қоршаған ортаға, теңіз және континентальды флора мен фаунаға орны толмайтын зиян келтіреді, көмірсутек шикізаты қорының таусылуына әкеледі.

Мұнай және газ ұңғымалары Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау және Оңтүстік

Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру және бизнес-ахуалды

жақсарту мақсаттарында республикадағы пайдалы қазбалардың қорларын қолданыстағы жіктеуді CRIRSCO пайдалы қазбалардың қорлары бойынша есептілік стандарттарының халықаралық жүйесімен үйлестіру бойынша шаралар кешенін жүргізу талап етіледі. CRIRSCO пайдалы қазбалардың қорлары бойынша есептілік стандарттарының халықаралық жүйесін енгізу пайдалы қазбалар кен орындарының барлану дәрежесін бағалаудың отандық жүйесін шетелдік инвесторлардың жақсы түсінуіне мүмкіндік береді.

4. Жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерді мониторингтеу

Жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерге мемлекеттік мониторинг Қазақстан Республикасының жер қойнауына мемлекеттік мониторингтің кіші жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық-шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерді мониторингтеу жүргізілді.

2014 жылы 11 объектіде жұмыстар басталды, оларды 2016 жылы аяқтау к ү т і л у д е .

2015 – 2019 жылдар кезеңінде 5000 бақылау орнында, 2 полигонда, 13 жер сілкіністерін зерттеу бекетінде, 5 жерасты суларының техногендік ластану полигондарында, қарқынды мұнай өндіру аймақтарындағы 42 бекетте жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерге мониторинг жүргізу бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Сондай-ақ жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерді мемлекеттік мониторингтеу желісін қалпына келтіру, кеңейту және құру жөніндегі жұмыстар к ө з д е л у д е .

Бақылау пункттерінде жерасты суларының жай-күйінің сандық және сапалық көрсеткіштерін алу мақсатында жерасты суларының жай-күйін бақылау белгілі бір әдістеме мен регламент бойынша жүзеге асырылады.

Бақылау нәтижелерін жерасты суларының жай-күйі мен пайдаланылуы жөніндегі облыстық инспекциялар пайдаланатын болады және шаралар қолдану үшін облыстық әкімдіктерге табыс ететін болады.

Жұмыс істейтін бекеттер мен полигондарда геологиялық міндеттерді орындаған бақылау пункттері жойылып, жаңа пункттер ашылып, бақылау пункттерінің орналасуы қайта қаралатын болады.

Сондай-ақ мемлекеттік су кадастрын (жерасты сулары) және Қазақстан Республикасының Орталық жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпарат банкінің бірыңғай компьютерлік жүйесі құрамындағы Жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерге мемлекеттік мониторинг деректер банкін жүргізу, су ресурстарын интеграциялық басқару объектілері бойынша

жұмыстарды

жалғастыру

көзделген.

Жерасты сулары және қауіпті геологиялық процестерге мониторинг жүргізуді сүйемелдеу картографиялық және фактологиялық қамтамасыз ету үшін орындалады. Сүйемелдеу шеңберінде іздеу-барлау жұмыстарының бағытын негіздеудің және жерасты суларына мемлекеттік мониторингті жүргізудің картографиялық негізін – 1:200000 масштабндағы қосымша карталармен қоса 1:500000 масштабндағы Қазақстан Республикасының гидрогеологиялық картасын жасау бойынша жұмыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының көршілес елдермен су ресурстары саласындағы халықаралық ынтымақтастығы бойынша жұмыстар, Қазақстанның әкімшілік облыстарының минералды жерасты суларының болжамды ресурстарын айқындай отырып, оларға мониторингтің картографиялық негізін жасау, жер қойнауын пайдаланушылардың жерасты суларына мониторинг жүргізуіне талдау, жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерге мониторинг жүргізуді әдістемелік сүйемелдеу жалғастырылады.

5. Геология саласының басым бағыттарын ғылыми-техникалық қолдау

Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер елдің минералдық-шикізат қорының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және шикізаттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезіндегі маңызды шарт болып табылады. Олар Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат қорын нығайтуға бағытталған, ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін ескере отырып, теориялық негізін құруды көздейді.

Қолданбалы геология саласындағы ғылыми зерттеулер елдің минералдық-шикізат қорын толықтыру, пайдалы қазбалар кен орындарын іздеудің тиімді әдістерін әзірлеу, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің жаңа технологияларын әзірлеу және жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған.

Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер қатты пайдалы қазбалар, көмірсутек шикізаты (мұнай мен газ) және жерасты сулары сияқты салаларды қамтиды. Бұл зерттеулер бағалауға, заңдылықтарды анықтауға, әдістемелерді жасауға, болжамды ресурстарға, кенді құрылымдарға, перспективалы учаскелерді, құрылымдарды, кен орындарын және т.б. орналастыруға байланысты әдістемелік ұсынымдарды қалыптастыруға қ а т ы с т ы .

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары геология ғылымы үшін қиын кезең болды. Республиканың мемлекеттік кәсіпорындары – геология саласындағы басты ғылыми мекемелер (Қазақ минералдық шикізат ғылыми-зерттеу институты, Бүкілодақтық барлау геофизикасы институтының Қазақ филиалы және басқа да бірқатар ғылыми бағыттағы мекемелер, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты және т.б.) өз жұмыстарын тоқтатты.

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі және халық шаруашылығының нарықтық қатынастарға көшуі кезеңінде геология саласы күрделі реформалау жолынан өтті. Көптеген геологиялық барлау ұйымдары акционерлік қоғамдарға айналды және қазіргі уақытта олар елдің өнеркәсіптік кешенін минералдық шикізат қорымен қамтамасыз ету негізгі міндетін табысты орындауда. Алайда осының бәрі геология ғылымының құлдырау кезінде болып жатыр. Бай кен орындарын анықтаудың ғылыми негізін жасау бойынша зерттеулер толық тоқтатылды, минерагения және кен орындарының орналасу заңдылықтары жөніндегі геология саласындағы іргелі ғылыммен шектес мәселелер қазіргі заманғы деңгейде шешілмейді. Қазіргі заманғы әлемдік жетістіктер деңгейінде қарқынды даму және қолданбалы ғылыми зерттеулер өзекті болып табылады. Озық елдердегі геология саласын дамытудағы жетістіктер қазіргі заманғы кезеңде геологиялық зерттеулердің заманауи ғылыми негізін қалау қажеттілігін р а с т а й д ы .

Бүгінгі күні республикада геология саласындағы танымал ғылыми мектептер қалыптасты. «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамында заманауи жабдықтары бар бірқатар ғылыми ұйымдар жұмыс істейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия мақұлдаған ғылымның басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізеді. ЮНЕСКО-ның қолдауымен География институтының негізінде Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталық құрылды.

Қазіргі уақытта «Қазгеология» акционерлік қоғамы мен «Назарбаев Университеті» акционерлік қоғамы арасында Назарбаев Университеті Ғылыми паркі жанынан Қазақстан Республикасының Геологиялық зерттеулер орталығы құрылуда, ол геология және пайдалы қазбалар минерагениясы ғылыми-зерттеу блогын, пайдалы қазбалар кен орындарын барлаудың жаңа әдістері және перспективалы технологиялар блогын, талдамалық, геохимиялық және кристалхимиялық зерттеулерге арналған зертхананы, керн сақтау орнын, геологиялық ақпараттың электрондық деректер банкі блогын шоғырландыратын, сондай-ақ геологиялық барлаудағы озық технологияларды игерген шетелдердің және ірі шетел компанияларының тәжірибесін зерттеуге және енгізуге қабілетті.

Геологиялық ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу бойынша кеңейтілген ақпараттық-талдау базасын құру ақпараттық қауіпсіздік саласындағы шараларды қолдануды талап етеді, ол үшін Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің және ведомствоға қарасты ұйымдардың ақпаратты басқару саласындағы, «International Organization for Standardization» (бұдан әрі – ISO) халықаралық стандарттарына сәйкестік алуға бағытталған шаралары көзделген. Ведомствоға қарасты ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздігінің тәуекелдерін

айқындау және талдау үшін шаралар кешенін жүргізу, сондай-ақ ақпаратты басқару саласындағы бизнес-процестерді ISO стандарттарына сәйкес келтіру әдістерін әзірлеу осы шаралардың мақсаты болып табылады.

6. Геологиялық ақпаратты қалыптастыру

Геологиялық ақпаратты қалыптастыру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету

«Қазгеоақпарат» республикалық геологиялық ақпарат орталығы» (бұдан әрі – РГАО) мемлекеттік мекемесі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне қарасты және геологиялық ақпаратты жинаудың, сақтаудың және берудің басты үйлестіруші орталығы болып табылады. Геологиялық ақпаратты пайдаланғаны үшін ақшалай қаражат Қазақстан Республикасының бюджетіне түседі. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетіне жыл сайын геологиялық ақпарат және тарихи шығындарды өтеу үшін шамамен 4 млрд. теңге көлемінде төлемдер түсетінін атап өткен жөн.

Жұмыстарды сапалы және үздіксіз атқару үшін әрі РГАО-да қолайлы еңбек жағдайларын жасау үшін геологиялық ақпаратты қалыптастыру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Геологиялық есептердің мәтіндік және графикалық қосымшаларын санға айналдыру

РГАО-ның және өңіраралық департаменттердің геологиялық қорларында тұрақты негізде ХІХ ғасырдың соңынан бастап осы кезеңге дейінгі Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген іздеу, іздеу-бағалау, барлау және басқа да геологиялық зерттеулер нәтижесі жөнінде геологиялық есептер сақталады. Республикалық геологиялық қорларда геологиялық ақпараттың жалпы саны 53 900 түгендеу нөмірлері, ал өңірлердегі геологиялық қорларда геологиялық ақпараттың 100 000 түгендеу нөмірлері жиналған. Республикалық геологиялық қор жыл сайын 300-400 геологиялық есеппен толықтырылады.

РГАО мен өңіраралық департаменттердің геологиялық қорлары режимдік объектілер болып табылады, өйткені онда «Күпия», «Өте күпия» және «ҚБПҮ» күпиялылық белгісі бар геологиялық материалдар сақталады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы №390-ІІІ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы күпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың 4-бөліміне сәйкес режимдік үй-жайларға ерекше талаптар қойылады.

Геологиялық ақпаратты ұсыну жеделділігін едәуір арттыру мақсатында РГАО жыл сайын Жер қойнауы туралы мемлекеттік деректер банкін (бұдан әрі – ЖМДБ) геологиялық ақпаратпен толықтыру және санға айналдыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті мен РГАО ЖМДБ-ны Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы сандық геологиялық ақпаратты автоматтандырылған жинақтауды, сақтауды, есепке алуды, алуды, өңдеуді және талдауды қамтамасыз ететін, көп сатылы интеграцияланған аумақтық компьютерлік жүйе ретінде қолданылады.

Ж М Д Б қ о р ы :

1) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөнінде басқару шешімдерін қабылдау жеделділігін арттыруға;

2) жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару сапасын жақсартуға;

3) өңделетін геологиялық ақпарат көлемін ұлғайтуға;

4) режимдік талаптар мен коммерциялық мүдделерді ескере отырып, геологиялық ақпараттың ұзақ мерзім сақталуын қамтамасыз етуге;

5) геологиялық ақпаратты сақтауға және сапасын арттыруға;

6) мемлекеттік органдардың қызметін ақпараттық қолдау жеделділігін арттыруға арналған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде республикалық және аумақтық геологиялық қорларда ЖМДБ толықтыру және санға айналдыру бойынша жұмыстарды жалғастыруды ұсынамыз.

Деректер банкін сандық геологиялық ақпаратпен толықтыру

Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті туралы ережеге сәйкес ол жер қойнауының жағдайын талдаудың ақпараттық компьютерлік бірыңғай жүйесін құрады және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы бірыңғай сандық ақпарат жүйесін тиімді пайдалануды ұйымдастырады. Көрсетілген функцияларды іске асыру үшін РГАО ЖМДБ-ны Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы ақпаратты автоматтандырылған жинақтауды, есепке алуды, өңдеуді, талдауды және пайдалануды қамтамасыз ететін көп деңгейлі интеграцияланған аумақтық бөлінген компьютерлік жүйе ретінде қолданады.

ЖМДБ ұйымдастырушылық негізі республикалық (Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті) және аумақтық (Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің өңіраралық барлық 5 департаментінде) заманауи электронды құралдар көмегімен жедел ақпарат беруді болжамдайтын компьютерлік орталықтар болып табылады. ЖМДБ жұмысы үшін деректер банкін сандық геологиялық ақпаратпен толықтыру қажет, себебі оның негізгі міндеті сандық геологиялық ақпаратты жинақтау, сақтау, алу, өңдеу және талдау болып табылады. Сонымен бірге, ЖМДБ жер қойнауын пайдалану бойынша деректермен толықтыру қажет (күпиялылық туралы келісім, тау-кендік және геологиялық бөлулермен және т.б.).

Қойылған міндеттерді іске асыру:

- 1) геологиялық ақпаратты ұзақ мерзімді сақтауға және сапасын арттыруға;
- 2) мемлекеттік органдардың қызметін жедел ақпараттық қолдауды арттыруға;
- 3) жер қойнауын және жер қойнауын пайдалануды мониторингтеу процесін автоматтандыруға және оның жеделділігін, толықтығын және сапасын арттыруға;

4) ЖМДБ тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

РГАО мен «Қазмырыш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 2013 жылғы 27 қарашадағы Өзара түсіністік туралы меморандум аясында Қазақстан Республикасының қатты пайдалы қазбалары бойынша келісімшарттағы алаңдарының «Интерактивті карта» ақпараттық жүйесі әзірленді. 2015 жылы Интерактивті картаны көмірсутек шикізаты деректерімен және жерасты сулары бойынша деректермен толықтыру көзделіп отыр. Аталған жұмыстар қажет, себебі геологиялық ақпараттың қолжетімділігі жер қойнауын пайдалану бойынша қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Деректер банкі геологиялық ақпаратпен сүйемелдеу

РГАО ЖМДБ-ны толықтыру және дамыту бойынша жұмыстарды жүргізеді. ЖМДБ кіші жүйелерін құру және толықтыру бойынша жұмыстар 1996 жылдан бастап жүргізілуде. Геологиялық ақпараттың жалпы көлемі сандық түрде 60 Тб бағаланады, ағымдағы сәтте деректер банкі санға айналдырылған материалдардың едәуір көлемімен толықтырылған. ЖМДБ аясында:

- 1) Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің ахуалдық орталығы
- 2) Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы ақпараттың компьютерлік банкінің мемлекеттік жүйесі
- 3) лицензиялар мен келісімшарттар
- 4) пайдалы қазбалар балансы
- 5) лицензиялық-келісімшарттық шарттардың мониторингі
- 6) з е р т т е л у і
- 7) геологиялық-геофизикалық деректердің электрондық мұрағаты
- 8) кен орындарының және кен көріністерінің кадастрлары
- 9) аумақтық деректер банкі
- 10) жер қойнауын пайдаланушылардың жобалық деректер жүйесі құрылды.

Деректер банкінің мақсаты жер қойнауын пайдалану саласында басқару шешімдерін қабылдау үшін республиканың жер қойнауы туралы ақпаратты автоматты түрде жинау, есепке алу, жинақтау, өңдеу, талдау және пайдалану болып табылады.

6. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны меншік нысаны әртүрлі сервистік геологиялық барлау компаниялары республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік-жекешелік әріптестікті тарту арқылы іске асыратын болады. Жұмыстарға «Қазгеология» акционерлік қоғамы белсенді тартылатын болады. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығы конкурс негізінде, шартқа қол қою негізінде берілетін болады.

2015 – 2019 жылдарға арналған Бағдарламаны қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен 119 720* млн. теңге қажет.

* Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.

7. Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 – 2019 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р\с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері	Бюджеттік бағдарламан нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8
Өңірлік, геологиялық-түсіру жұмыстары							
1.	Өңірлік геологиялық-түсіру жұмыстарын жүргізу барысындағы дайындық іс-шаралары	Нұсқаулық, әдістемелік құрал, нұсқаулар	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 3 8 9 2016 ж. – 4 5 7 2017 ж. – 1 9 8 4 2018 ж. – 1 7 8 7 2019 ж. – 1 2 6 1	Республикалық бюджет	040
2.	1:200000 масштабында жер қойнауын геологиялық жете зерттеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 1 3 7 6 2016 ж. – 1 3 7 6 2017 ж. – 1 5 1 8 2018 ж. – 1 6 1 9 2019 ж. – 5 6 7	Республикалық бюджет	040
					2015 ж. – 8 0 3 2016 ж. – 1 2 7 2 2017 ж. –		

3.	1:200000 масштабнда терең геологиялық карталау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	1370 2018 ж. – 1370 2019 ж. – 1526	Республикалық бюджет	040
4.	1:200000 масштабнда геологиялық-минерагенді карталау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 153 2016 ж. – 229 2017 ж. – 2111 2018 ж. – 2310 2019 ж. – 2083	Республикалық бюджет	040
5.	Өңірлік және геологиялық-түсіру жұмыстарының қосымша түрлері	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 398 2016 ж. – 0 2017 ж. – 0 2018 ж. – 0 2019 ж. – 0	Республикалық бюджет	040
6	1:200000 масштабнда жер қойнауын гидрогеологиялық жете зерттеумен қатар инженерлік-геологиялық зерттеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 425 2016 ж. – 466 2017 ж. – 466 2018 ж. – 466 2019 ж. – 466	Республикалық бюджет	040
7.	Өңірлік тірек кескіндері бойынша кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеулер (геотроверстер)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 106 2016 ж. – 0 2017 ж. – 1863 2018 ж. – 1863 2019 ж. – 1863	Республикалық бюджет	040
8.	Тірек-параметрлік ұңғымаларды бұрғылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 0 2016 ж. – 0 2017 ж. – 0 2018 ж. – 420		040

					2019 ж. – 335	Республикалық бюджет	
Іздеу және іздеу-бағалау жұмыстары							
9.	Қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу жұмыстары	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 3 1 0 7 2016 ж. – 5 2 2 5 2017 ж. – 1 2 0 0 0 2018 ж. – 1 3 5 8 9 2019 ж. – 1 5 5 7 3	Республикалық бюджет	040
10.	Қатты пайдалы қазбаларға арналған іздеу-бағалау жұмыстары	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 8 3 5 2016 ж. – 1 7 4 3 2017 ж. – 2 1 0 0 2018 ж. – 2 0 0 0 2019 ж. – 1 7 9 0	Республикалық бюджет	040
11.	Көмірсутек шикізатына арналған іздеу-бағалау жұмыстары	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 0 2016 ж. – 0 2017 ж. – 8 0 7 2018 ж. – 8 0 7 2019 ж. – 1 7 0 0	Республикалық бюджет	040
12.	Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарындағы метанды кезең-кезеңімен зерттеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 0 2016 ж. – 0 2017 ж. – 1 5 7 3 2018 ж. – 1 5 7 4 2019 ж. – 1 5 7 4	Республикалық бюджет	040
Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалануды мониторингтеу, жерасты сулары және қауіпті геологиялы процестерді мониторингтеу							
13.	Минералдық-шикізат базасы мен жер қойнауын пайдалануды мониторингтеу, оның ішінде қорлар бойынша	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 4 2 2016 ж. – 4 2 2017 ж. – 3 9 2018 ж. –	Республикалық бюджет	041

	есептіліктің халықаралық стандартын енгізу				3 9 2019 ж. – 42		
14	Жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерді мониторингтеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 5 9 1 2016 ж. – 5 9 1 2017 ж. – 1 8 7 9 2018 ж. – 2 0 1 1 2019 ж. – 2 6 8 0	Республикалық бюджет	041
Геологиялық ақпаратты қалыптастыру							
15	Геологиялық ақпаратты қалыптастыру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 1 6 9 2016 ж. – 1 6 9 2017 ж. – 2 0 0 2018 ж. – 2 0 5 2019 ж. – 2 1 0	Республикалық бюджет	039
16	Геологиялық есептерге мәтіндік және графикалық қосымшаларды санға айналдыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 3 2 2016 ж. – 3 2 2017 ж. – 2 1 1 2018 ж. – 2 1 0 2019 ж. – 2 0 1	Республикалық бюджет	039
17	Деректер банкін цифрлық геологиялық ақпаратпен толтыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 6 0 2016 ж. – 6 0 2017 ж. – 7 4 2018 ж. – 7 8 2019 ж. – 8 3	Республикалық бюджет	039
18	Геологиялық ақпараттың деректер банкін сүйемелдеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 1 7 2016 ж. – 1 7 2017 ж. – 2 1 2018 ж. – 2 2		039

					2019 ж. – 24	Республикалық бюджет	
Мұнай және газ ұңғымаларын жою							
19	Мұнай және газ ұңғымаларын жою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 5 1 2 2016 ж. – 9 6 0 2017 ж. – 1 5 0 6 2018 ж. – 1 5 0 7 2019 ж. – 1508	Республикалық бюджет	075
Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер							
20	ЖҒТК оң қорытындысын алған, геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламалары	ИЖТМ-ге ақпарат	БҒМ	2015 – 2019 жж.	2015 ж. – 0 2016 ж. – 0 2017 ж. – 9 2 0 2018 ж. – 1 0 1 0 2019 ж. – 1050	Республикалық бюджет	003

Бағдарлама шеңберінде жұмыстар Қазақстанның барлық аумағы бойынша, әсіресе орталық, шығыс және оңтүстік облыстарында жүргізілетін болады.

Бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен барлығы 119 720 млн. теңге мөлшерінде шығыстар жоспарланып отыр, оның ішінде жылдар бойынша:

2015	жылы	–	9 0 1 4	*	млн.	теңге;
2016	жылы	–	1 2 6 4 0	*	млн.	теңге;
2017	жылы	–	3 0 6 4 2	*	млн.	теңге;
2018	жылы	–	3 2 8 8 8	*	млн.	теңге;
2019	жылы	–	3 4 5 3 6	*	млн.	теңге.

Барлығы: 119 720* млн. теңге

Е с к е р т п е :

* Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар
м и н и с т р л і г і ;

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

РБК – республикалық бюджет комиссиясы;

ЖҒТК – Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия;

ЖМДБ – Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы мемлекеттік деректер банкі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК